

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Баланы ойната отырып, тілін дамытайық»

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.11.2017СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/20997/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Кунафина Ляззат Мамырбековна

Қозғалмалы ойындардағы қозғалыс әрекеттері алуан түрлі. Олар болуы мүмкін, мысалы, еліктеуші, бейнелі – шығармашылық, ритмикалық (ырғақты); ептілік, шапшаңдық, күш және т.б. дене сапаларының көрінуін талап ететін қозғалыстық тапсырмалар түрінде орындалуы мүмкін. Ойындарда бағыттың аяқ асты өзгеруі және қозғалыс кідірісі бар қысқа жігірулер; қашықтыққа және нысанаға әртүрлі лақтырулар; кедергіні секіріспен, күш қолданумен жеңіл шығу; арнайы дене даярлықтары үрдісінде меңгерілген алуан түрлі қозғалыстардың қолданылу білігін талап ететін әрекеттер кездеседі. Осы барлық әрекеттер әртүрлі комбинациялар мен үйлесімдер орындалады.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік, қимылдарының дамуымен тығыз банланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, тузету — тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мысалы, «Саусақтар сәлемдеседі» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. «Адамдар келеді». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады, Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «саусақ» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Бірінші кіші тобында Күннің 2 жартысында ұйымдастырылған «Қозғалмалы ойын» ұсынып отырмын

Күннің 2 жартысы: Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»

Жұмбақ:

бар,
ұмтылар.
жылы үйде,
шұбар. (Мысық).

Өзі жап-жас мұрты
Етпен сүтке
Ұйықтамайды ол
Түкті тоны шұп-

-Балалар,мысық қалай

дыбыстайды? (Мияу,мияу)

Мысықтың келуі. Ойыншық мысық

Саусақ ойын жаттығулары:

Мысық

Пеш үстінде мысық отыр,
кеп,

Аздап көзін қысып отыр.
Тышқан етін жегісі
Тісі оның қышып отыр.

Торғай Торғай, торғай, торғайсың, Жақын
келіп қонғайсың. Жем шашайын тойып ал, Сонда торғай тоңбайсың.

Қауыпсіздік

ережесі:

Мысықпен

ойнағандағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Тырнағы ұзын тырнап алуы мүмкін

Тіл

жаттығуы:

Қоректену тәсілі бойынша « тілмен жалау, тіспен кеміру» тілді жаттықтыруға арналған жаттығу : « Мысық қалай сүт ішеді?» (Тілмен жалап ішеді)

Санамақ

арқылы

ойынды

жүргізу:

Бір,екі,үш

Торғай үш

Үнтаспа: торғайдың шиқылдаған даусы,мысықтың мияулаған даусы.

Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»

Балалар бөлме қабырғаларының қасында орындықтың үстінде тұрады, үлкен текшелерде (биіктігі 15-20) олар шатырдағы немесе ұядағы торғайлар. Алысырақ мысық отырады ,оның ролін балалардың бірі орындайды. «Торғайлар ұшыңдар» — дейді тәрбиеші. Сол кезде үнтаспадан торғайлардың шиқылдаған даусы естіледі , Торғайлар шатырдан немесе ұялардан қанаттарын, қолдарын жайып секіреді де, бөлме ішінде жан-жаққа шашылып жүреді.Ол уақытта мысық ұйықтап жатады.Сол кезде мысық оянып үнтаспадан «мияу-мияу» -дауыс естіледіде торғайларды қуады,сол кезде олар шатырға

немесе ұяға, өз орнындарына жасырыну керек. Ұсталған торғайларды мысық өз ұяларына апарады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.